

6-7 сәуір 2015 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтында студенттердің «5B010600 – Музыкалық білім» мамандығы бойынша «Негізгі музыкалық аспап» пәнінен **VII-ші Республикалық пәндік олимпиадасы** өтті.

Олимпиаданың ашылу салтанатына қатысушы өнерпаздарға құттықтау сөзді университеттің оқу-ісі жөніндегі проректоры Ақтолқын Тұрлыханқызы Құлсариева, Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов және Бейнелеу және сызу өнерінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Ақмарал Смаилқызы Сманова, Музыкалық білім және хореография кафедрасының меңгерушісі Лора Максұтқызы Нарикбаеваға сөз берілді. Қазылар алқасы құрамының төрайымы п.ғ.д., профессор, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық академиясының профессоры Р.Р. Жәрдемәлиева болды.

Олимпиада дипломдарымен Музыкалық білім және хореография кафедрасының 1 курс студенті Якупбай Елдос (домбыра, жетекшісі оқытушы Егізбаев Ж.Б.) және 2-ші курс студенттері Камитова Сәуле (фортепиано, жетекшісі п.ғ.д., доцент Бекмұхамедов Б.М.) және Тұрлыбаев Әлихан (баян класы, жетекшісі доцент Барибаев С.Б.) марапатталды.

Олимпиадаға қатысушылар: студенттер, жетекшілер, концертмейстерлер диплом, сертификат және алғыс хаттармен марапатталды.



























